



Академиялық қызметте жасанды интеллектіні
(ЖИ) қолдану жөніндегі нұсқаулық

Осы академиялық қызметте жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану жөніндегі нұсқаулықты (Нұсқаулық) Қазақстанның жоғары оқу орындарына тән академиялық қызметтің барлық контекстінде ЖИ-ді қолдануды реттейтін нақты және әділ нормалар мен қағидаттарды орнату мақсатында Академиялық адалдық лигасының (AIL) жұмыс тобы әзірледі. Бұл құжат Maqсут Narikbayev Universit-дің үш Мектебінің (факультетінің): Халықаралық экономика мектебі (ХЭМ), Гуманитарлық Жоғары Мектебі (ГЖМ) және Құқық жоғары мектебінің (ҚЖМ) күшін, сондай-ақ қазіргі күні ЖИ-ді білімде қолдану саласындағы халықаралық тәжірибені біріктіреді.

Құжат авторлары келесі құжаттарды пайдаланды: ЖИ индексінің жыл сайынғы есебі 2023 (Stanford University)¹; Генеративті ЖИ инструменттерін білім саласында қолданудың қағидаттары (Расселл тобы)²; «Жасанды интеллект құралдары және оларды жоғары білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде жауапкершілікпен қолдану» Еуропалық университеттеріне арналған негізгі түсініктер (European University Association)³; АҚШ Білім министрлігінің Білім беру технологиялары кеңесі (Office of Educational Technology) шығарған «Жасанды интеллект (ЖИ) және оқыту мен оқудың болашағы: қорытындылар мен ұсыныстар» есебі⁴ және т.б

Жасанды интеллектіні өздерінің оқу және зерттеу тәжірибелеріне енгізу процесінде жүрген немесе Академиялық адалдық қағидаттары мен этикалық стандарттарды сақтау қажеттілігін ескере отырып, қолда бар тәсілдерді жақсартқысы келетін жоғары оқу орындарына пайдалануға ұсынылады.

Нұсқаулық 2024 жылғы "09" қаңтарда Академиялық адалдық лигасы Кеңесінің отырысында қабылданды және бекітілді, № 04-хаттама.

¹ Nestor Maslej, Loredana Fattorini, Erik Brynjolfsson, John Etchemendy, Katrina Ligett, Terah Lyons, James Manyika, Helen Ngo, Juan Carlos Niebles, Vanessa Parli, Yoav Shoham, Russell Wald, Jack Clark, and Raymond Perrault, "The AI Index 2023 Annual Report," AI Index Steering Committee, Institute for Human-Centered AI, Stanford University, Stanford, CA, April 2023.

² Russell Group principles on the use of generative AI tools in education. [//https://russellgroup.ac.uk/media/6137/rg_ai_principles-final.pdf](https://russellgroup.ac.uk/media/6137/rg_ai_principles-final.pdf)

³ Artificial intelligence tools and their responsible use in higher education learning and teaching. key considerations for European universities by European University Association (EUA) [// https://eua.eu/downloads/publications/position_ai%20in%20lt.pdf](https://eua.eu/downloads/publications/position_ai%20in%20lt.pdf)

⁴ U.S. Department of Education, Office of Educational Technology, Artificial Intelligence and Future of Teaching and Learning: Insights and Recommendations, Washington, DC, 2023. [// https://www2.ed.gov/documents/ai-report/ai-report.pdf](https://www2.ed.gov/documents/ai-report/ai-report.pdf)

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1-бөлім «Дереккөздер мен құралдарға нұсқаулар».....	5
2-бөлім «Анықтамалар және терминология».....	6
3-бөлім «ЖИ-ді қолданудың жалпы қағидаттары».....	7
1. Реттеудің болу шартымен пайдаланудың дұрыстығы.....	7
2. Адамға бағыттанушылық.....	7
3. Миссия, мақсат және міндеттерге сәйкес келушілік.....	7
4. Ақпараттандыру және қатыстыру.....	7
5. Құзыреттерді дамыту.....	7
6. Қолдану этикасы.....	7
7. Құпиялылық және деректерді қорғау.....	8
8. Құзыреттілік.....	8
9. Экологиялылық.....	8
10. Есеп беруге міндеттілік және жауапкершілік.....	8
4-бөлім «Академиялық қызметте ЖИ-ді қолдану қағидалары».....	9
4.1. Ойлауды емес, орындауды табыстау.....	9
4.2. Құралдардың қолжетімділігі.....	9
4.3. Релеванттылық және сенімділік.....	9
4.4. Хабардарлық және шарттарды сипаттау.....	9
4.5. Әдістемелік әралуандылықты қамтамасыз ету.....	9
4.6. Автоматтандыру және табыстаудың шектері.....	10
4.7. Қолданудың нәтижелері үшін жауапкершілік.....	10
4.8. Қолданудың ашықтығы.....	10
4.9. Топтық жұмыста пайдалану.....	10
4.10. Академиялық менеджментте пайдалану.....	10
Disclaimer.....	11

КІРІСПЕ

Академиялық адалдық лигасы – Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі ұйымдарының ерікті бірлестігі. Лиганың миссиясы академиялық адалдықтың 10 негізгі қағидатын ілгерілету және жүзеге асыру жолымен еліміздегі білім сапасын жақсарту және арттыру болып табылады⁵.

Жоғары білім беру саласында ЖИ-дің пайда болуы теңдесі жоқ мүмкіндіктерге жол ашуымен қатар, айтарлықтай қауіп-қатерлерді де тудырады. Осы Нұсқаулық академиялық адалдықтың жалпы қағидаларына негізделі отырып және Академиялық адалдық лигасының стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары білім беру ұйымдарында жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану үшін қолдау көрсетуге және кешенді негізін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл Нұсқаулықтың негізгі мақсаты – академиялық этика мен адалдықтың жоғары стандарттарын сақтай отырып, елдің барлық жоғары оқу орындарының артықшылықтарын пайдалануды қамтамасыз ету. Бұл Нұсқаулық негізгі ережелерді белгілей отырып білім берудің тиімділігін арттыру, инновациялық зерттеулерді ілгерілету және этикалық және жауапты пайдалану шеңберінде әкімшілік процестерді оңтайландыру үшін ЖИ-ді қолданылатын ортаны қалыптастыруға ықпал етуге арналған.

Аталған құжат академиялық ортада ЖИ-ді қолданудың күрделі аспектілері бойынша навигация үшін сенімді құрылымды қамтамасыз ете отырып, университеттер үшін қажетті реттеуші негіз болып табылады. Ол ЖИ-ді қолданудың академиялық адалдықтың негізгі құндылықтарына, ашықтық және дамуға деген ұмтылысқа сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, мүдделі талаптардың: студенттердің, оқытушылардың, зерттеушілердің және әкімшілік құрамның түрлі қажеттіктерін ескереді. Осы құжатты таратуды Лига өтеусіз негізде жүзеге асырады, алайда пайдалану барысында авторлыққа сілтемені пайдалану шарты қойылады.

Біз ЖИ-ді технологиялық құрал ғана емес, білім беруді түрлендірудің катализаторы екенін түсінуге шақырамыз. Бұл Нұсқаулық Қазақстанның академиялық қоғамдастығына инновациялар мен адалдықтың алдыңғы шебінде болуға мүмкіндік бере отырып, осы өзгерістерге жауапкершілікпен қарауға ниетті екеніміздің айғағы болып табылады.

⁵ Академиялық адалдық лигасының сайты: <https://adaldyq.kz/about-the-league/>

1-тарау «Дереккөздер мен құралдарға нұсқаулар»

Осы құжаттың мәтінімен жұмыс істеу барысында келесі дереккөздер мен құралдар пайдаланылды:

- Генеративті ЖИ-ді білім беруде және зерттеулерде қолдану бойынша басшылық (UNESCO)⁶
- ЭДҰ Кеңесінің жасанды интеллект жөніндегі ұсынысы⁷
- Генеративті жасанды интеллект жөніндегі басшылық қағидаттары AAIN⁸
- ЖИ 2023 индексінің жыл сайынғы есебі (Stanford University)⁹
- Білім беруде генеративті ЖИ құралдарын қолдану қағидаттары (Расселл тобы)¹⁰
- Еуропалық университеттерге арналған «Жасанды интеллект құралдары және оларды жоғары білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде жауапкершілікпен пайдалану» (European University Association)¹¹
- АҚШ Білім министрлігінің Білім беру технологиялары кеңсесі (Office of Educational Technology) шығарған «Жасанды интеллект (ЖИ) және оқыту мен оқытудың болашағы: қорытындылар мен ұсыныстар» есебі¹²
- Оқу процесінде ЖИ және деректерді қолданудың этикалық принциптері, European Commission, Directorate-General for Education, Youth, Sport and Culture, Publications Office of the European Union, 2022¹³
- Жасанды интеллект туралы заң жобасы (Еуропарламентте бірінші оқылымнан өтті 14/06/2023) Artificial Intelligence Act 2021/0106(COD)¹⁴
- Сенімді жасанды интеллект үшін этикалық принциптер (Еурокомиссия, 2018)¹⁵, және т.б.

Иллюстрация ретінде пайдаланылған кескінді жасау үшін OpenAI компаниясының DALL-E қызметі, сондай-ақ Adobe компаниясының Adobe Firefly қызметі пайдаланылды. Сұраудың авторы (prompt) – Сергей Пен, сұрау мәтіні: «Адам мен жасанды интеллект симбиозының фотореалистік бейнесі, қолды тигізу, арақатынасы 16:9».

⁶ UNESCO Guidance for generative AI in education and research // <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386693>

⁷ Recommendation of the Council on Artificial Intelligence // <https://legalinstruments.oecd.org/en/instruments/OECD-LEGAL-0449>

⁸ AAIN Generative Artificial Intelligence Guidelines. Australian Academic Integrity Network (AAIN) Generative AI Working Group, March 2023 // <https://www.tegsa.gov.au/sites/default/files/2023-04/aain-generative-ai-guidelines.pdf>

⁹ Nestor Maslej, Loredana Fattorini, Erik Brynjolfsson, John Etchemendy, Katrina Ligett, Terah Lyons, James Manyika, Helen Ngo, Juan Carlos Niebles, Vanessa Parli, Yoav Shoham, Russell Wald, Jack Clark, and Raymond Perrault, "The AI Index 2023 Annual Report," AI Index Steering Committee, Institute for Human-Centered AI, Stanford University, Stanford, CA, April 2023.

¹⁰ Russell Group principles on the use of generative AI tools in education. // https://russellgroup.ac.uk/media/6137/rg_ai_principles-final.pdf

¹¹ Artificial intelligence tools and their responsible use in higher education learning and teaching. key considerations for European universities by European University Association (EUA) // https://eua.eu/downloads/publications/position_ai%20in%20it.pdf

¹² U.S. Department of Education, Office of Educational Technology, Artificial Intelligence and Future of Teaching and Learning: Insights and Recommendations, Washington, DC, 2023. // <https://www2.ed.gov/documents/ai-report/ai-report.pdf>

¹³ European Commission, Directorate-General for Education, Youth, Sport and Culture, Ethical guidelines on the use of artificial intelligence (AI) and data in teaching and learning for educators, Publications Office of the European Union, 2022, <https://data.europa.eu/doi/10.2766/153756>

¹⁴ [https://oeil.secure.europarl.europa.eu/oeil/popups/ficheprocedure.do?reference=2021/0106\(COD\)&l=en](https://oeil.secure.europarl.europa.eu/oeil/popups/ficheprocedure.do?reference=2021/0106(COD)&l=en)

¹⁵ Ethics Guidelines For Trustworthy AI - High-Level Expert Group on Artificial Intelligence - The AI HLEG is an independent expert group that was set up by the European Commission in June 2018. <https://digital-strategy.ec.europa.eu/en/library/ethics-guidelines-trustworthy-ai>

2-тарау «Анықтамалар және терминология»

Академиялық қызметте ЖИ-ді қолдану бойынша осы Нұсқаулықты тиімді пайдалану үшін келесі негізгі ұғымдарды нақты айқындап алу қажет:

Академиялық қызмет – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми-зерттеу институттары (орталықтары)/ғылыми ұйымдар қызметінің қағидаларына немесе білім беру немесе зерттеу қызметін жүзеге асыратын кез келген басқа ұйымдасқан ұжым қызметінің қағидаларына бағынатын кез келген білім беру немесе зерттеу қызметі.

Жасанды интеллект (ЖИ) – машиналық оқыту және алгоритмдер арқылы адами когнитивті процестерін модельдеуге қабілетті жүйелер.

Генеративті ЖИ модельдері – оқу деректеріне негізделген мәтіндер, бейнелер, аудио немесе кескіндер сияқты жаңа контентті жасайтын алгоритмдер.

Академиялық адалдық – бұл оқу және зерттеу қызметіндегі этикалық және адал мінез-құлықтың (алдауды немесе қасақана адастыруды және ақпаратты толық немесе ішінара жасыруды болдырмау) жалпы қағидасы. Бұл қағида, атап айтқанда, студенттерден, оқытушылардан және зерттеушілерден академиялық интеграцияның жоғары стандарттарын сақтауды талап етеді, соның ішінде бағалаудағы адалдық, плагиатқа жол бермеу, дереккөздерді дұрыс тану және академиялық жұмыстарды бағалау мен шолудағы әділеттілік пен объективтілік.

Академиялық адалдық академиялық қоғамдастыққа деген сенімді ұстанады, ғылыми білімнің дұрыстығын қамтамасыз етеді және оқыту мен ғылымға жауапкершілікпен қарауды дамытуға ықпал етеді.

Бағалау объектісі – білімді, іскерлікті, дағдыларды бағалауға, егер мұндай бағалау академиялық қызметте пайдаланылып және жарамды деп танылса, яғни белгілі бір құқықтық салдарларды туғызуға және әкелуге қабілетті болып танылса, қандай да бір фактінің немесе қасиеттердің болуын не болмауын анықтауға уәкілеттік берілген адам бағалауға жататын кез келген түрдегі ақпарат бірлігі.

Галлюцинацияланған деректер – жаңылыстыратын немесе қате болуы мүмкін ЖИ тудыратын қате немесе бұрмаланған деректер.

Цифрлық сауаттылық – кез келген цифрлық технологияны, соның ішінде ЖИ-ді тиімді және қауіпсіз пайдалану үшін қажетті дағдылар мен білім.

Деректердің құпиялылығы – адамның (ақпарат иесінің) құпия сақтағысы келетін немесе оған рұқсатсыз кіруді, пайдалануды немесе ашуды шектегісі келетін дербес деректерді және қандай да бір жеке ақпаратты қорғау.

Нұсқаулық – академиялық қызметте жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану бойынша нақты нұсқаулық.

Ұйым – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы, ғылыми-зерттеу орталығы (институт) немесе білім беру немесе зерттеу қызметін жүзеге асыратын кез келген басқа ұйымдасқан ұжым.

3-тарау «ЖИ-ді қолданудың жалпы қағидаттары»

1. Реттеудің болу шартымен ғана қолданудың дұрыстығы – ЖИ технологиясы оқудың, оқытудың және зерттеудің, сондай-ақ академиялық менеджменттің тиімділігін арттыру үшін қолайлы құрал ретінде танылады. Жасанды интеллектіні пайдаланудың кез келген контексті белгілі бір технологияның болжанбайтын және болжау қиын әлеуетіне байланысты реттеу ережелерінің болуын қажет етеді. Академиялық қызметте ЖИ-ді қолданудың қандай да бір аспектілерін реттеу болмаған жағдайда, тиісті Ұйым оларды әзірлеуді және қабылдауды қамтамасыз етеді не авторлыққа тиісті сілтемелерді сақтай отырып, осы Нұсқаулықты реттеуші құжат ретінде тануды жүзеге асырады.

2. Адамға бағыттанушылық – ЖА адамның мүмкіндіктерін кеңейтуге қызмет етуі және оны толығымен алмастырмауы керек. Бұл қағида ЖИ әртүрлі тапсырмаларды орындау тиімділігін арттыру үшін қолданыла алатындығын білдіреді, бірақ мұндай пайдалану немесе жеке қызметкерлердің немесе бөлімшелердің қызметін тәжірибеге енгізудің әрбір жағдайы осы функцияны орындаудағы адамның рөлінің артықшылықтарын жан-жақты бағалауға негізделуі керек. Сонымен қатар, ең алдымен, Ұйымдар қолданудың басымды салалары ретінде жұмыс орындарын қысқарту арқылы экономикалық тиімділікке қол жеткізе алатындарды емес, ЖА құзыреттілік алшақтықтығын жоюға, білім беру және зерттеу мүмкіндіктеріне қолжетімділіктің теңсіздігін жоюға көмектесетін салаларды қарастыруы керек.

3. Миссияға, мақсаттарға және міндеттерге сәйкес келушілік – әр жағдайда ЖИ-ді қолдану ұйымның миссиясына, пайымына, құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі керек және оларға қайшы келмеуі тиіс. Ұйымның лауазымды тұлғалары мен алқалы органдарынан басқа осындай сәйкестікті тексеру үшін жауапкершілік өзінің функционалдық міндеттерін орындауда ЖИ-ді қолдануға бастама танытқан немесе қолданған адамдарға да жүктеледі.

4. Ақпараттандыру және қатыстыру – ұйым білім алушыларды, әкімшілік персоналды, зерттеушілерді және профессор-оқытушылар құрамын ЖИ мүмкіндіктері, ЖИ технологиясына, ЖИ генеративті модельдеріне, осы тұрғыда дербес деректерді және адамның өзге де құқықтарын қорғаудың қолданыстағы стандарттарына негізделген пайдаланылатын немесе енгізуге жоспарланған құралдар мен сервистер туралы ақпараттандыру жөніндегі қажетті шаралар кешенін қамтамасыз етеді. ЖИ-ді қолданудың ықтимал контекстіне кез келген қатысушыда білімнің немесе практикалық дағдылардың жетіспеушілігі анықталған кезде Ұйымның (және оның өкілдерінің) міндеті арнайы оқыту іс-шараларын қамтамасыз ету және олар аяқталғаннан кейін ғана енгізу, қолдану немесе пайдалану кезеңіне көшу болып табылады.

5. Құзыреттерді дамыту – ұйым барлық қызметкерлердің, білім алушылардың және пайдаланушылардың өзге де санаттарының ЖИ игеруіне, оның қолданылуын, мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуіне қолдауды қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттер блогы жаңа қызметкерлер үшін де, Ұйымның (Continued Development Program) жұмыс істейтін қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін де міндетті оқыту іс-шараларының тізбесіне енгізіледі.

6. Қолдану этикасы – ұйым ЖИ көмегімен не осындай шешімдер қабылдауды табыстау арқылы алынған деректерге негізделген шешімдер қабылдау кезінде біржақтылықты немесе жан-жақтылық пен объективтіліктің болмауын болдырмау кепілдіктерін қоса алғанда, ЖИ-ді қолданудың кез келген контекстінде¹⁶ базалық этикалық қағидаттарды (қауіпсіздік, жауапкершілік, кемсітпеу) және академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді және кепілдік береді.

¹⁶ Толығырақ ақпарат алу үшін «Дереккөздер мен құралдарға нұсқаулар» бөлімін қараңыз.

7. **Құпиялылық және деректерді қорғау** – Ұйым Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ оның шегінен тыс ықтимал реттелмеген жағдайлар бөлігінде дербес деректердің құпиялылығы мен қорғалуын қамтамасыз етеді және оның сақталуына кепілдік береді. Ұйым оқытуда, зерттеулерде немесе академиялық менеджментте ЖИ-ді қолдану мақсаттары үшін кез келген дербес деректерді пайдалануға тартылған тұлғалардың, пайдаланушылардың ақпараттандырылған келісімін алуды қамтамасыз етуге міндетті.

8. **Құзыреттілік** – Ұйым кез келген қатысушы адамның ЖИ-ді қолдануда этикалық шектеулер мен стандарттарды меңгеруін қоса алғанда, қажетті құзыреттердің болуына кепілдік береді және қажет болған жағдайда алдын ала оқыту курсы немесе осындай пайдалануға рұқсат берудің басқа түрін ұсынады.

9. **Экологиялылық** – ЖИ-ді қолдану әлеуметтік пайдалы мақсаттарға қол жеткізуді, оң тәжірибені қалыптастыруды қамтамасыз етеді және жеке адамға да, қауымдастықтарға да зиян тигізбеуі, жеке және ұжымдық мүдделерге сәйкес келуі керек, сондай-ақ біреудің құқықтарын шектеуге себепші болмауы керек.

10. **Есеп беруге міндеттілік және жауапкершілік** – ЖИ қолданудың кез келген жағдайлары мен кейстері оларды талдауды және осы Нұсқаулыққа сәйкестігін бағалауды көздейтін саясат пен рәсімдердің бөлігі болып табылады. Ұйым ЖИ-ді қолдану нәтижелері үшін жауапкершілікті және ЖИ көмегімен қабылданған шешімдерді, соның ішінде қателіктер немесе күтпеген салдарлар үшін жауапкершілікті нақты айқындайды.

4-тарау «Академиялық қызметте ЖИ-ді қолдану ережелері»

4.1. Ойлауды емес, орындауды табыстау¹⁷ – бұл ереже алгоритмдік өңдеуге (өңдеу және есептеу, пішімдеу, ақпараттың негізгі бірліктерін қорытындылау, парафразалар, иллюстрациялық мазмұнды генерациялау және т.б.) болатын рутинизацияланған процестерді автоматтандыру үшін оны қолдануға рұқсат беру тұрғысынан оның көмегімен шешілетін міндеттерді үнемі талдауға және бағалауға негізделген білім беру және зерттеу процесінде ЖИ-ді қолданудың негізгі тәсілін, жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамыту және бағалау үшін (пайымдауларды қалыптастыру, позицияны әзірлеу, стратегияны таңдау және т.б.) жасанды интеллектіні қолдануды бір мезгілде шектеу немесе тыйым салуды білдіреді.

4.2. Оқыту құралдарының қолжетімділігі – Ұйым білім беру процесіне барлық қатысушылардың олардан күтілетін толық функционалдылыққа қол жеткізу үшін қосымша ресурстарға ие болмай немесе сатып алмай-ақ оны пайдалануына тең қолжетімділікке кепілдік беретін оқыту құралы ретінде ЖИ-ді қолдану шарттарын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Ұйым білім алушылардың кез келгені білім беру процесінде пайдаланылатын функционалға объективті түрде қол жеткізуден айырылатын жағдайларға жол бермеу үшін ұсынылатын сервистердің техникалық шектеулерін (пайдаланушылар санына, сұраныстарды бір мезгілде өңдеу санына, платформаларды пайдаланудың өңірлік шектеулеріне, тілдік және өзге де талаптарға) назарға алуға міндетті.

4.3. Расталған релеванттылық пен сенімділік – білім беру процесінің кез келген қатысушысы пайдаланылатын ЖИ-ді технологиясы немесе ЖИ-дің генеративті моделі курстың оқу жоспарында, тапсырмада көзделген міндеттерге сәйкес келетініне, пайдалану мәнмәтінің растығы, сенімділігі немесе өзектілігі талаптарына жауап беретін пайдалану нәтижесін беретініне көз жеткізуге міндетті 18.

4.4. Хабардарлық және шарттардың сипаттамасы – білім беру процесінде қолданылатын ЖИ технологиясының немесе ЖИ-дің генеративті моделінің кез келген контексті мен шарттары тиісті курс саясатымен (силлабуста немесе академиялық саясатта) жан-жақты сипатталуы тиіс. Сондай-ақ, қолдану шарттарына сілтемелерге қойылатын кез келген талаптар, қолдану нәтижесі немесе бағалау объектісі ЖИ-ді қолдану нәтижесінде алынғандығы туралы ескертпелер жатады.

4.5. Әдістемелік әралуандылықты қамтамасыз ету – бағалау объектілерінің немесе әдістемелік, оқыту материалдарының авторы болып табылатын білім беру процесінің кез келген қатысушысы білім алушылардың ЖИ және ЖИ-дің генеративті модельдерін пайдаланудың әлеуетті қолданыстағы және ақылға қонымды қолжетімді мүмкіндіктерін ескеруге міндетті, тапсырмалардың үстірттігін және бағалауға бағдарлануды болдырмау үшін пайымдаулардың дербестігін тексеру мүмкіндігінсіз немесе бағалау объектісін алу процесіне ревизия жүргізу мүмкіндігінсіз қолданылатын құралдардың құзыреттілігі мен әдістемелік әралуандығының деңгейін және оларды пайдалану форматын қамтамасыз етуге міндетті¹⁹.

¹⁷ "Outsource the doing not the thinking" - Dan Fitzpatrick, The AI Educator // The AI Classroom: The Ultimate Guide to Artificial Intelligence in Education (The Hitchhiker's Guide for Educators Series) Paperback – March 30, 2023 by Dan Fitzpatrick, Amanda Fox, Brad Weinstein.

¹⁸ Мысалы, егер оқытушы бұл жағдайды арнайы көрсетіп, білім алушыларға оқу тапсырмасы ретінде сәйкессіздіктерді өз бетінше анықтап, сипаттауды ұсынған жағдайда әдейі бұрмаланған деректерді қамтыған контентке (пайдалану нәтижесі) жол беріледі. Оқытушы алынған деректердің галлюцинацияланбағанына көз жеткізбесе және оларға алдын ала тексеруді жүргізбестен не бұл туралы білім алушыларға ескертпестен жасанды интеллект технологияларын қолдануына жол берілмейді.

¹⁹ Мысалы, осы Нұсқаулықтың авторлары «in-class» немесе «real time pressure» форматындағы бақылау іс-шараларының пайдасына «home based» тапсырмалар форматын шектеуді пайдалануды, сондай-ақ оларды біріктірілген ақпарат негізінде білім алушылардың дербес пайымдаулар қалыптастыру қабілетін анықтауға баса назар аудара отырып, оларды біріктіріп қолдануды ұсынады.

4.6. Автоматтандыру және табыстаудың шектері — Ұйым апелляция рәсімі не өзге де арнайы құрылған рәсім арқылы ЖИ-ді қолдана отырып қабылданған кез келген автоматтандырылған және табысталған шешімдерді (прокторинг, жаппай бағалау және т.б.) валидациялауға тиісті құзыретті адамның немесе адамдар тобының қатысуын қамтамасыз етеді. Осы ережені сақтамай, академиялық қызметтің кез келген қатысушысы үшін құқықтық салдары бар ешқандай шешімдерді автоматтандыруға және ЖИ пайдасына беруге болмайды.

4.7. Қолданудың нәтижелері үшін жауапкершілік — білім алушылар, оқытушылармен бірдей дәрежеде білім беру процесінде ЖИ-ді қолдану нәтижелері үшін дербес жауап береді, оның ішінде қолданар алдында осы технологияның техникалық және технологиялық шектеулерімен танысу, галлюцинацияланған деректердің жоқтығына, фактчекінгіті қоса алғандағы нәтиженің дұрыстығына көз жеткізу үшін барлық қажетті әрекеттер кешенін және олардың реттілігін жүзеге асыру міндеті кіреді. Жауапкершілікті табыстауға жол берілмейді.

4.8. Қолданудың ашықтығы — академиялық процестің кез келген қатысушысы пайдаланылған сервистің нақты атрибуттарын, оның баламалары арасында жекелендіруге, бұл туралы техникалық және өзге де ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін платформаларды көрсете отырып, оқыту, оқу, емтихан алу, зерттеулер жүргізу процесінде ЖИ немесе ЖИ-дің генеративті моделін пайдалану фактісін көрсетуге міндетті. Атрибуттық мәліметтерден басқа, пайдалану мәнмәтінін, пайдалану мақсаттары мен міндеттерін сипаттау қажет (ЖИ генеративті моделін пайдаланған жағдайда сұрау мәтіні (prompt) көрсетіледі).

4.9. Топтық жұмыста пайдалану — топтық тапсырманы немесе топтық жұмыстың басқа түрін орындау кезінде топтың құрамында біреу ЖИ-ді қолданған кезде, бұл адам пайдаланудың ашықтығы ережелерін сақтай отырып, пайдалану фактісі туралы қалған қатысушыларды хабардар етуге міндетті. Бұл ретте, егер бағалау қағидаларында немесе Ұйымның өзге де реттеуші ережелерінде өзгеше тәртіп көзделмесе, пайдалану нәтижелерінің дұрыстығы, өзектілігі және растығы үшін жауапкершілік осындай пайдалануға бастамашылық жасаған және (немесе) жүзеге асырған адамға жүктеледі.

4.10. Академиялық менеджментте қолдану — академиялық менеджменттің міндеттерін шешу үшін жасанды ЖИ-ді қолдану кезінде (оқу деректерін талдау, электрондық ассистенттеу, жеке және топтық параметрлерді талдау және т.б.) Ұйым кез келген жағдайда өзара әрекеттесудің осы контекстінде пайдаланушылардың адаммен (ұйым функцияларды орындауға және шешім қабылдауға уәкілеттік берген адаммен) тікелей өзара әрекеттесу мүмкіндігін (опциясын) қамтамасыз етеді.

Disclaimer:

Ұйымдардан²⁰ осы Нұсқаулықты ақылға қонымды пайдалану, оны дербес толықтыру және пайдалану контекстіне бейімдеуді күтіледі.

Copyright:

Осы Нұсқаулыққа сілтеме жасау және дәйексөз келтіру келесідей:

Пен С.Г., Маханбаева Н.Н. және т.б., Академиялық қызметте жасанды интеллектіні қолдану жөніндегі нұсқаулық (Академиялық адалдық лигасы, Астана 2023)

Жұмыс тобы:

- Пен Сергей, MNU Провосты
- Маханбаева Нұргүл, AIL Project Office Head
- Артур Утебаев, PhD, MNU ХЭМ Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және даму жөніндегі вице-деканы
- Икболжон Карабоев, Associate Professor ХЭМ MNU
- Любовь Сартакова, Senior Lecturer ХЭМ MNU
- Нұрсұлтан Базарбай, ХЭМ MNU
- Абай Абылайұлы, PhD, Assistant professor ҚЖМ MNU
- Бабаева Юлия, Senior lecturer ГЖМ MNU

Осы Нұсқаулықтың мәтіні мен мазмұнына ұсыныстар мен ескертулерді мына мекенжайға жолдауды сұраймыз: info@adaldyq.kz

Қайта басып шығару және толықтыру тиісті қолдану және пайдалану тәжірибелерінің жинақталуына қарай жүзеге асырылатын болады.

²⁰ «Анықтамалар және терминология» 2-бөлімін қараңыз